

Геологиялық процестер - Жердің құрамын, құрылымын, бедерін және ішкі құрылысын үнемі өзгертіп отыратын процестер жиынтығы. Бұл процестер тарихы жер қыртысының құрамы мен құрылысында немесе жербедер өзгерістерінде сақталған сол процестердің нәтижелерін зерттеу арқылы анықталады; қазіргі өтіп жатқан Геологиялық процестерді жан-жақты зерттеу де маңызды, өйткені өткен кезеңдер мен дәуірлердегі Геологиялық процестердің болмыс-бітімі осы зерттеу нәтижелерімен салыстыра саралау арқылы ұғынылады. Геологиялық процестер: эндогендік процестер және экзогендік процестер болып екі топқа жіктеледі; геологиялық нысандар бұлардың біреуінің ғана немесе екеуінің қосарлана әрекет етуі нәтижесінде де қалыптасуы мүмкін.[1][2]

Үгілу — температураның ауытқуына байланысты болатын атмосфера, су және организмдердің осерінен жер бетіндегі тау жыныстарының химиялық өзгерісі және үгілу процесі.[1] Үгілу — жер бетінде немесе оған жақын маңдағы температура ауытқуларынан, атмосфераның судың және организмдердің химиялық және механикалық әсерінен таужыныстардың бұзылуы мен химиялық өзгеріске ұшырау процесі. Ү. физикалық (механикалық), химиялық және органикалық болып үш топқа бөлінеді.

Физикалық үгілуде ауа температурасының күрт өзгеруі мен ылғалдың араласуынан таужыныстар шытынап жарылып, ұсақ кесекгерге бөлінеді, бірақ құрамы өзгермейді. Химиялық Ү. кезінде химиялық реакциялардың жүруінен таужыныстардың құрамы өзгеріске ұшырап, жаңа минералдар қалыптасады (мыс., дала шпаты каолинге айналады). Органикалық үгілуде де бактериялар, саңырауқұлақтар, қыналар, мүктер және т.б. организмдердің әсерінен болады. Олар таужыныстардың қуыстарында, жарықшаларында өніп-өсу барысында түрлі ерітінді заттар бөліп шығарады. Ү. нәтижесінде жер бедерінің түрлі бітімдері қалыптасады.[2]

Үгілу түрлері

Үгілу түрлері	себептері	әрекеті	нәтижесі
1. Физикалық			
2. Химиялық			
3. Биологиялық			
4. Антропоген			



ҮГІЛҮ









Кунгурские пещеры









